

## **Мемлекеттік меншіктің жекешелендірілуін басқаруды одан әрі жетілдіру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 5 наурыз 1993 ж. N 1153

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізу мақсатында қаулы етемін:

1. Республикалық және коммуналдық меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен мемлекеттік мүлік жөніндегі территориялық комитеттерден тұратын бірыңғай жүйесі құрылсын.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне республикалық және коммуналдық меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің бірыңғай мемлекеттік саясатын ұйымдастыру, жүргізу және бақылау мәселелері жүктелсін.

2. Жергілікті әкімдер коммуналдық меншікті жекешелендіру жөніндегі қазіргі комитеттерді, комиссияларды және бөлімдерді таратып, алдағы уақытта коммуналдық меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру жөнінде қосарлас органдар құрмайтын болсын.

3. Жергілікті әкімдерге мемлекеттік мүлік жөніндегі территориялық комитеттің төрағасын әкімнің орынбасары қызметіне тағайындау ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті